Қазақ әдебиетіндегі проза жанрына алғаш сүреу түскен кезеңде М. Әуезов, Б. Майлин, Ғ. Мүсіреповтердің бастамасымен басталған әңгіменің қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік қалыптасқан дәстүрі мен бағындырған биігі бар (Caffee, 2018)Көлемі шағын болса да күрделі жанр болып табылатын әңгіме ғылыми-теориялық тұрғыдан да жан-жақты зерделенген, жүйеленген. Атап айтқанда, Б. Наурызбаев, З. Қабдолов, С. Шарабасов, А. Құлымбетова, Р. Рүстембекова, Г. Балтабаева, Қ. Тамабаева, С. Айтуғанова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде «әңгіме» жанрына әр қырынан қарастырылып ғылыми тұжырымдар жасалынған. Ал, М. Әуезовтің әңгімелерін зерттеп-зерделеу мен поэтикалық әлемін танып-білуде Х. Әдібаевтың «О поэтике повестей и рассказов М. Ауэзова двадцатых годов» және К. Уразбаеваның «М. Әуезовтің алғашқы прозасындағы фольклорлық дәстүр мен романтикалық стиліндегі ерекшеліктер» атты кандидаттық диссертациялық жұмыстарының маңызы ерекше. Аталмыш жұмыстарда М. Әуезовтің әңгімелерінің зерттелуі, тақырыптық-идеялық ерекшелігі, суреткерлік стилі, кейіпкерлер жүйесі, фольклорлық дәстүрдің жайы, байыптап тексеріліп шыққан (Қирабаев, 2011). Сонымен қатар, бұл бағыттағы құнды пікірлер мен жаңаша көзқарастар ретінде Е. Лизунова, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Майтанов, Т. Кәкішұлы, Г. Пірәлі, Т. Жұртбай, Р. Әбдіғұлов сынды әдебиет зерттеушілерінің бірнеше ғылыми-мақалаларының мәні айрықша екендігін де атап өтуіміз керек. Түйіндеп айтқанда қазіргі қазақ әдебиетіндегі «әңгіме» жанры және М. Әуезовтің әңгімелері көркемдік, танымдық, ғылыми-теориялық тұрғыда айтарлықтай сараланып, жүйеленген. Дегенмен, олардың жалпы поэтикалық табиғатын, автордың қаламгерлік қуатын, шығарманың көркемдік сипатын таныту мен оларды оқыту жолдары тыңғылықты қарастырылып, әдістемелік әлеуеті қалыптаспай келеді. Әдебиетті оқыту әдістемесі саласында көркем шығармаларды талдау мен оқытуға арналған соңғы жылдарда қорғалған PhD докторлық диссертацияларда да негізінен кең көлемді прозалық шығармалар зерттеу нысанына алынған. Мәселен, А. Акбулатовтың «XXI ғасырдағы қазақ романдарын жоғары мектепте оқыту әдістемесі» мен Қ. Сүлейменованың «Эпикалық шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту әдістемесі» тақырыптарында қорғаған диссертациялық жұмыстарында эпикалық шығармалар ретінде повестер мен романдарды оқытудың әдістемелік жүйесі әзірленіп, ұсынылған. Бұл тізімді уақыт өткен сайын қазақ әдебиетін

оқыту әдістемесіне байланысты оқулықтар мен монографиялық еңбектер жазатын әдіскер-ғалымдар, ұстаздар, және диссертациялар қорғайтын ізденушілер толықтыра түсетіндігі анық. Мұндай ауқымды істің маңызды бір бағыты ретінде жазушы ойының көркемдік көкжиегін қысқа да нұсқа түрде көрсетіп, ауқымы кең повестер мен романдарда айтылатын ойларды ықшамдап 5-10 беттің көлеміне сыйдыра алатын шағын көлемді эпикалық шығарма әңгімені оқытудың әдістемелік жолдарын жан-жақты қарастырып, тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы дәлелдеп, тұжырымдап ұсыну қажет деп ойлаймыз. Бұл орайда қазақ әдебиетіндегі «әңгіме» жанрына алғашқылардың бірі болып қалам сермеген, өз әңгімелері арқылы XX ғасырдағы қазақ прозасын Европалық деңгейге көтеріп, классикалық әдебиетке айналдырған ұлы жазушы М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеудің маңызы ерекше болмақ.

**ТАЛҚЫЛАУ**

Бүгінгі күні М. Әуезовтің шығармашылығын негізгі орта мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Әуезовтану», «Әуезов және әлем әдебиеті» секілді пәндерде оқытылып жүр. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарының арасында зерттеуші Қ. Тасболатұлының «Изучение творчества Мухтара Ауэзова в средней казахской школе» тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясы мен әдебиетті оқыту әдістемесіне үлкен үлестерін қосқан ұстаздар мен ғалымдар Қ. Бітібаева, Т. Ақшолақов, Т. Жұмажанова, Б. Сманов және т.б. еңбектері айрықша. Дегенмен, ұлы жазушының шығармашылығы әр қырынан оқытылып жүрген аталмыш оқу пәндерінде және зерттеуші-ғалымдар мен әдіскер ұстаздардың құнды еңбектерінде де көпшілік жағдайда зерттеу нысаны «Абай жолы» роман-эпопеясы алынып, М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесі мен жолдары кенжелеп қалған. Ал жоғары оқу орындарында қазіргі оқыту жүйесінің ерекшеліктері мен талабына сай жоғарыда аталған М. Әуезовтің шығармашылығын оқытуға арналған оқу пәндерінің оқу-жұмыс бағдарламаларында «міндетті» пән емес «таңдау» (эллективті) пән ретінде тұруы, оқыту әдістемесіне қатысты арнайы диссертациялардың қорғалмауы, білім берудің қазіргі парадигмалары мен технологияларына сай жаңаша көзқараста әдістемелік тұрғыда жүйеленбеуі және т.б. мәселелер жеке саралау мен сараптауды қажет етеді.

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытуды объект ретінде жан-жақты қарастыратын негізгі пән әдебиетті оқыту әдістемесі болып табылады. Ол педагогика ғылымының бір саласы ретінде XX ғасырдың басында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін ғылыми-эволюциялық жолмен қоғамдық-әлеуметтік талаптар мен уақыттың сұранысына сай дамып келеді. Сондай ақ, әдебиетті оқыту әдістемесі өзінің зерттеу, талдау, саралау жұмыстарында педагогика ғылымының ашқан, негіздеген заңдар мен заңдылықтарға, принциптерге тікелей сүйенеді. Содан бастау алады, және соның негізінде дамиды. Олай болса соларды танудың

жүйелі зерттеу тәсілін, шындықты білудің, танымның ғылыми жүйесін қалыптастырудың заңдылықтарын айқындайтын, сол үшін адам әрекетін дұрыс ұйымдастырудың бағдарлы амал, тәсілдерін, оның жолдарын көрсететін зерттеу әдісі ғылымның әдіснамасы деп аталады (Балтабаева, 1999).

Жалпы «әдіснама» педагогикада жаңадан қалыптасқан сала да ұғым да емес. Оны педагогика тарихында көптеген ғалымдар, танымның жалпы әдістері туралы ілім, қоғамдық өмірді зерделеудің диалектикалық-материалистік ұстанымдары мен тәсілдеріне негізделген идеялар жиынтығы деп анықтап қойған. Бұл орайда К. Поппер, Т. Кун, М. Палани, П. Фейерабенд, Ю. Бабанский, В. Загвязинский, В. Гурман, В. Краевский, М. Саткин және т.б. зерттеушілердің еңбектері ерекше маңызды. Аталмыш ғалымдардың бірі әдіснаманы «әдістер туралы ғылым» десе, басқалары философиялық үдерістер қолданылатын сала деп түсіндірген. Ал, осы саланы тыңғылықты зерделеп жүрген белгілі отандық ғалым Б. Тұрғынбаева «Әдіснама дегеніміз - ғылымды тану жолы» (Әбдіғұлов, 2009) - деп тұжырымайды. Біз де осы пікірді қуаттай отырып, М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың ғылыми-танымдық жолдарының бастауы ретінде оның әдіснамалық негіздерін айқындап алуымыз қажет екендігін айтқымыз келеді. Бұл орайда М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдіснамалық жүйесін ғылыми тұрғыда жіктеп, әдістемелік жүйесін әзірлеуге талпыныс жасауда оның философиялық, психологиялық және педагогикалық неіздерін анықтап алу қажет.

М. Әуезов әңгімелерінің философиялық негіздерін айқындау үшін оны қазіргі педагогика ғылымындағы «білім философиясы» ұғымымен өзара сабақтастықта қарастырғанымыз жөн. ХХ асырда Батыс елдері мен бүкіл Еуропада кеңінен қарастырылып қанатын жайған «білім философиясы» отандық білім мен ғылым саласында жаңа сала болып саналады. Ол жалпы ғаламдық білім беру жүйесіндегі жаңа тенденциялардың қазіргі білім беру үрдісіне тигізетін ықпалын, интеграциялық, құндылықтық әрекеттерін жан-жақты зерделеуге бағытталған. Бұл саланы тереңдете зерттеген ғалым О. Крашнева: «Основными мировыми тенденциями развития философия образования являются смена социокультурных парадигм образования, связанных с кризисом классической модели и системы образования, разработка педагогических фундаментальных идей в гуманитарной науке, демократизация, гуманизация образования, создание системы непрерывного образования» (Тасболатұлы, 199:186) - деп білім философиясының қарастыратын басты бағыттарын айқындап берген. Сондай ақ, білім философиясы білім ұғымын тұлғаны тәрбиелейтін, өмірге бейімдейтін негіз деп қатарстырады. Өйткені, білім - адамды түбегейлі өзгертетін және оның тіршілік ету мүмкіндігін кеңейтетін рухани фактор болып табылады. Кемеңгер жазушы М. Әуезовтің әңгімелерінде білімді адамгершілікке, ізгілікке бастайтын құндылық ретінде бағалап, оқыған адамдардың образын тереңдете суреттеуі білім философиясының аталмыш факторлық, негіздемелік ұстанымдарымен тығыз сабақтастық табады. Қазақ әдебиетінде білімді кеңінен насихаттап, оны халық өмірімен тығыз байланыстырып оқыған көзі

ашық кейіпкерлердің бейнесін суреттеу А. Құнанбайұлы, С. Торайғыров және Б. Майлиннің шығармаларында кеңінен көтерілген. Олар демократиядан шыққан Ахмет пен Әбдірахман секілді халық мұғалімдерінің типін әдебиетке түсіріп, жаңалық ашты. Ал, М. Әуезов осы бағытты жаңаша көзқарастармен толықтырып, әдеби-көркемдік әсемдік пен образдарды жасуда, реалистік әдісті шебер қолданып, білімді құндылық ретінде игеруде интеллигенция өкілдерінің қоғамдық өмірдегі мәні мен негізгі функциясын айқындауға кеңінен тоқталды. Оған автордың ағартушылық мотивке құрылған «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Сөніп-жану», «Үйлену», сияқты әңгімелері дәлел. Бұл әңгімелердегі Мақсұт, Ісләм, Қабыш, Сыздық сияқты кейіпкерлер алған білімдерін халық игілігіне жұмсауды ойлайтын, қоғамдық мүдде жолында тұрған оқығандар. Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев М. Әуезовтің әңгімелерін тақырыптық-идеялық сипаты мен объектісіне, қарастырған проблемасына қарай төрт түрлі топқа бөліп жіктеген. Соның бірінші тобын «интеллигенция тақырыбына арналған әңгімелер» (Тұрғынбаева, 2012) - деп атаған. Демек, ұлы жазушының әңгімелерінің ауқымды бір бөлігінде білім философиясы туралы көзқарастары айқындалып, ағартушылық бағытына арналып білімді, оқуды игерудің мәні мен маңызын, халықты тәрбиелеп тура жолға салуда атқаратын рөлін анықтауға арналған деп тұжырымдауымызға болады.

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың келесі ғылыми-теориялық кезеңін оның психологиялық негіздері құрайды. Жазушының алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінен» бастап «Жетім», «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қасеннің құбылыстары» және т.б. туындыларында психологизм табиғатының бояуы барынша шебер суреттелген. Көркем әдебиетте адамның жан дүниесіндегі сезім иірімдері мен түрлі психикалық күйлерді суреттеу, характер жасау, және портрет, монолог, диалог сияқты көркемдеуіш құралдар ортақ болғанымен, оны әр жазушы қарым-қабілетіне қарай түрлі деңгейде қолданады. Заңғар жазушы М. Әуезов өз әңгімелерінде кейіпкерлерінің ішкі әлеміне жан-жақты тереңінен үңілу арқылы олардың психологиялық образдарын сомдауда аталмыш көркемдеуіш құралдарды шебер пайдалана білген. Бұл жазушының проза жанрындағы шеберлігі мен негізгі ойын айқындайтын айрықша құбылыс болып табылады (Крашнева, 2005). Сондықтан, ұлы жазушының әңгімелерін оқытқанда ондағы терең психологизмге толы суреттеулердің білім алушылардың психикасына тигізетін ықпалын ескере отырып, біртұтас психологиялық тұтастықта қарастырған жөн. Бұл орайда психологиялық анықтау, талдау, саралау, салыстыру және т.б. әдістерді қолдану мен қатар автор әңгімелерінің жазылған кезеңіндегі заманға сай контекстік көзқарас пен қазіргі білім беру жүйесіндегі білім алушылардың жеке тұлғалық психологиясындағы ерекшеліктер мен құбылыстар айрықша ескерілуі қажет. Себебі, қазіргі білім беру үрдісінің көздеген бірден-бір мақсаты жеке тұлғаның психологиялық, интеллетуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Психология ғылымының ақықтауынша біздің елдегі жеке тұлға психологиясы зерттеудің енді ғана дамып келе жатқан өте жас саласы. Ол тек соңғы елу жылдың ішінде ғана қанат жайып

қуаттанып келеді. Бұл бағытта болашақты шығармашылықпен зерттеушілер өздерінен бұрынғылардың интеллектілі қазынасына сүйенетін болады (Қоңыратбаев, 2004). Сондықтан, ұлы интеллектуал жазушы М. Әуезовтің әңгімелеріндегі психологизмнің көрінісі, түрлі психикалық құбылыстардың айқын суреттелуі ұлттық психологиялық сипатта қазіргі білім беру үрдісінде кеңінен қолдануға лайықты құнды рухани қазына болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың педагогикалық негіздері оқыту, мақсат қою, нәтижеге бағытталған білім беру, алған білімдерін өмірде қодану мен айқындалады. Көркем шығарманы оқыту үрдісі алдымен оны оқудан басталатындығы анық. Әдебиетті оқыту әдістемесі саласы бойынша белгілі ғалым Б.Смановтың пікірінше: «Оқудың ерекшелігі сол - ол әдеби мәтінді субъективтендіреді, көркемдік әсерлер арқылы шығарма бейнелері мен ондағы жағдайлар оқырман санасында орнығады» (Пірәлі, 2014). Бұл пікірден ұғатынымыз - білім алушылардың көркем шығарманың тұтастай табиғатын, көркемдік қуатын, сыры мен сипатын өзіндік санаға мықтап сіңіруде ең алдымен оны мұқият оқып шығу маңызды. Содан кейін барып қана оның тақырыбы мен идеясын, поэтикалық әлемін, мақсатын татып-білу мүмкін болмақ. М.Әуезовтің жалпы шығармаларында көтерген басты идеялар ұлттық деңгейдің шеңберінде ғана емес, күллі адамзат баласының ортақ ізгілік, адамгершілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық т.б. қасиеттердің өмірдегі қолданысының шынайы көрінісін бейнелеумен ерекшеленеді. Алғашқы әңгімелерінде қорғансыз адамдардың тақырыбын жиі көтеріп озбырлықты суреттеуінен бастап адамзатқа ортақ гуманистік идеяны насихаттауды қолға алып, оны жазушылық жолының соңына дейін дамытып отырған. Сөйтіп өз шығармаларында әлем әдебиетіндегі мәңгілік тақырыптың бірі болған «гуманизм» мәселесін көтеріп, барлық адамзат баласының жер бетінде бейбіт өмір сүруінің басты тірегі ізгілік қасиетіне байланысты болатындығын ашып көрсеткен (Нысанбаев, 2005).

Демек, М. Әуезов әңгімелерінің тақырыбы мен идеясы адамгершілік, ізгілік, гуманизм секілді ғаламдық деңгейдегі әдебиет үшін мәңгілік тақырыптарға арналған. Оған «Қорғансыздың күнінен» бастап «Асыл нәсілдерге» дейінгі аралықтағы көркемдік қуаты жоғары 30 дан астам әңгімелерін жатқызуға болады. Бұл автор танымының жалпы адамзаттық деңгейге жетіп ұлтық шеңберден биікке көтерілгендігін көрсетеді. Бүгінгі еліміздің педагогикалық білім беру үрдісі де әлемдік білім беру кеңістігімен тығыз интеграциялық бірлікте дамуда. Осы ретте жастарымызға әлемдік деңгейдегі адамзаттық проблемаларды көтере білген ойшылдарымыздың рухани мұраларын оқытудың маңыздылығы да арта түспек. Оның үстіне ұлы жазушы М. Әуезов тек әдеби-көркем шығармалар жазумен ғана шектелмей, оқу-ағарту саласына арнап бірнеше еңбек жазып педагогикалық, оқу-әдістемелік көзқарастар қалыптастырған бірегей тұлға. Сондықтан, біз заңғар жазушының әңгімелерін оқытуда авторың өзі жазып қалдырған әдістемелік пікірлері мен көзқарастарын да ерекше ескеріп, өзара тұтастықта қолданғанымыз орынды.

М. Әуезовтің оқу-ағарту сласындағы алғашқы педагогикалық педагогикалық көзқарастары 1917-1920 жылдары жазған «Қайсысын қолданамыз?», «Ғылым тілі», «Оқудағы құрбыларыма», «Оқу ісі», «Бұл күнгі зор міндет» т.б. шағын зерттеулері мен ғылыми мақалаларынан бастап «Әдебиет тарихы», «Новый аул» 2 – книга для чтения по русскому языку для казахских детей, школ I ступени», «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хаттар», «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін оқу кітабі» еңбектеріне дейін ұласып жатыр. Бұл еңбектерінде автордың білім алушыға тапсырманы «жеңілден бастап, біртіндеп күрделендіру», оқу мен мәтінді түсінуге терең мән беріп «мұқият оқуға дағдыландыру», «білімге құндылық ретінде қарау және оны бағалау» секілді әдістемелік пікірлері айқын көрініс берген. Ал автордың «Мұғалімнің тек жақсы оқитын балаларға ғана көңіл бөліп, ұдайы солармен жұмыс жасауы дұрыс емес» деген пікірі қазіргі білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген педагогикалық-әдістемелік көзқараспен толықтай сәйкес келеді. Түйіндеп айтқанда, М. Әуезовтің әңгімелерін оқытуға келгенде жоғарыда атап көресеткен автордың педагогикалық көзқарастарын да назарға алғанымыз жөн. Қазіргі білім беру үрдісінің негізгі бағыты білім алушылардың мақсат қоюы мен нәтижеге қол жеткізу арқылы бағаланады. Бұл орайда, М. Әуезов әңгімелерін оқытуда білім алушылар өздерінің мүмкіндіктеріне қарай белгілі бір мақсатттарды қоюлары, сол мақсатқа қол жеткізулері мен жазушың әңгімелерінен алған тәлімдерін өмір сүру барысында қолдана алулары айрықша ескерілу қажет. Мәселен, жазушының әңгімелеріндегі өткір гуманистік идеялар мен адамгешілік мәселелерінің мәні мен маңызын білім алушылар тереңінен түсініп, қоғамда ізгілік жасаушы тұлғаларға айналулары қажет. Автордың өз оқырмандарына ұсынған басты идеясының бірі де осы болғандығы анық. Мұның барлығы ұлы жазушының әңгімелерін оқытудың ғылыми-педагогикалық арналарына негізделуі қажет.

## ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ

Қазіргі білім беру ісінде маңызды мәселелерге айналған мазмұн, әдістеме, және нәтижеге қол жеткізу тұрғысынан алып қарастырғанда М.Әуезовтің әңгімелерін оқытудің негізгі *мазмұны* – білім алушыларды гуманистік сезімдері жоғары, адамгершілік қасиеттерге бай, жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген ізгілікті тұлғаларды дайындаудан тұрады. Ал, *әдістемесі* – әдіснамалық тұғырлары айқындалған, қазіргі білім беру парадигмалары мен жаңа технологияларды кеңінен пайдаланып, тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы дәлелденген әдістемелік жүйесінен құралады. Оқыту арқылы қол жеткізетін негізгі *нәтижелер* – мазмұны мен әдістемесінде көзделген мақсаттар мен міндеттерді орындауда алынған қорытындыларға сәйкес анықталады. Сондай ақ, М. Әуезовтің әңгімелерінің тұтастай табиғатын танып-білу мен қатар оларды игеретін әдістемеге үйрету бұл бағытта қол жеткізетін негізгі нәтиженің бірі болмақ.

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың негіздері ретінде әдіснамалық

тұғырларын айқындап алғаннан кейін оның әдістемелік жүйесін жасауға болады. Яғни ғылыми-теориялық кезеңін құрайтын әдіснамалық тұғырларының негізінде оларды оқытудың түрлі амал-тәсілдері мен технологияларын, моделі мен тәжірибесін саралауға болады. Бұл орайда қазіргі оқу үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген білім беру парадигмаларын да ерекше ескергеніміз орынды. Әсіресе, барлық әңгімелерінде негізгі тірек объектілі мәселесі ретінде адам табиғатына тереңінен үңілу, дүниетанымды кеңейту, гуманистік идеяны насихаттау, білімді адамзат игілігі жолында игеру мен жұмсауды көздеген М. Әуезовтің әңгімелерін оқытуда «Антропоөзекті», «Когнитивтік», «Гуманистік», «Білімді интелект дамытудың қайнар көзі ретінде игерту» және т.б. білім беру парадигмаларының орны ерекше (Сманов, 2016). Аталмыш білім беру парадигмалары негізінде ұлы жазушының әңгімелерін оқытудың әдістемелік жолдарында жаңа оқу технологиялары мен инновациялық әдіс-тәсілдер өзара сабақтастықта шебер қолданып қолданып, практикада жүзеге асыру қажет. Себебі, оқу үдерісінде олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысып, кейде параллел қоладануды да қажет ететін тұстары болады. Мәселен, «М. Әуезоа әңгімелерін оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу», «интербелсенді», «мәтіндік талдау, «топтық жұмыс», Блум таксаномиясы, ПОПС формуласы (төрт сөйлем әдісі), «аяқталмаған ой», «эссе жазу», «ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» және т.б. оқыту әдістері мен технологияларын қолданғанда оқытудың біртұтастығы мен сабақтастығының мәні мен маңызы арта түседі. Педагогикалық лекцикадағы теория, әдістер, әдістеме, технология, оқыту технологиясы, педагогикалық технология ұғымдарының арақатынасын дұрыс ажырата білу және практикада дұрыс қолдана білу әр мұғалімнің технологиялық құзыреттілігінің басты көрсеткіші. Практикада кейде «технология» ұғымы «әдістеме» немесе оқытуды ұйымдастырудың «формасы» ұғымының синонимі ретінде қолданылып кететіні байқалады. Аталмыш ұғымдардың барлығы оқыту үрдісінде қолданылатын болғандықтан мақсатты түрде олардың мағыналық ерекшеліктерін салыстыра отырып қарастыру қажет (Абдимомынов және т.б., 2019) М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемесін зерделегенде оқу үрдісіндегі аталған педагогикалық тұжырымдар мен түсініктерді айрықша назарда ұстап, ұлы жазушының әңгімелерінің тақырыптық-идеялық сипатына, жалпы поэтикасына сай оқыту технологиялары мен білім беру парадигмаларын мұқият саралап, салмақтап барып қолданған жөн. Себебі, қазіргі білім беру жүйесінде жасалынып жатқан түрлі реформалар мен еліміздің білім беру кеңістігінде әлем елдерімен ашық интеграцияға түсуі оқу және оқыту әдістемелеріне қатысты көптеген технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қабылдауымызға, қолдануымызға ықпал етіп отыр. Белгілі әдіскер-ғалым А. Әлімовтің пікірінше: «Бүгінгі оқу мен оқытудың басты проблемасы ретінде ақпараттың шектен тыс көп мөлшерде болуы танылып отыр» (Абдимомынов, 2018). Бұл бүгінгі әдістеме ғылымындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, М. Әуезовтің әңгімелеірнде атамекенді, отанды, елді сүйу мен

құрметтеу ең алдымен адамгершілік қасиеттер арқылы жүхеге асыралатындығы айқын көрініс берген. Әңгімелеріндегі жақсылық пен жамандықты, озбырлық пен дүниеқоңыздықты, адамдардың қым-қиғаш тұрмыстарын суреттеудегі жазушының ұстанған басты мақсатының бірі де осы адамгершілік, ізгілік қағидасын берік ұстанып, сол арқылы қасиет қонатындығын алға тартқан. Осы тұрғыдан алғанда М. Әуезовтің әңгімелері қазіргі әдебиеттану ғылымында өзекті мәселенің бірі ретінде қарастырылып жүрген «сакральді» ұғымның, концептісінің негізінде де қарастырып, оқытуымызға болады. Өйткені, бұған дейін әртүрлі ғылым салаларының аясында зерттелгенімен, әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырылмаған «қастерлі ұғым» концепциясының әңгіме жанрындағы көркемдік қызметін талдау арқылы оның әңгіме мәтініндегі сан түрлі семантикасын ашуды көздейді (Таубаева және т.б., 2017).

**ТҰЖЫРЫМ**

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістері мен тәсілдерін, технологияларын білім беру парадигмалары негізінде саралап, оқытудың жолдарын ұсынғаннан кейін оның практикалық тұрғыдағы тиімділігін тексеру үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізудің де маңызы зор. Бұл орайда, оқу үрдісінде көздеген мақсатқа қол жеткізу мен білімнің нәтижелілігін анықтау барысында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының да алар орны айрықша екендігін есте ұстағанымыз орынды.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік негіздерін айқындау үшін үшін ең алдымен оның педагогикалық-әдіснамалық тұғырларын анықтап алғанымыз ұтымды болмақ. Бұл орайда, философиялық, психологиялық, және педагогикалық негіздері мен тұғырлары анықталады. Содан кейін барып қана оларды оқытудың әдістемесін жасауға болады. Оқыту әдістемесі білім мазмұны мен нәтижелерін ерекше ескере отырып, қазіргі білім беру парадигмалары мен технологияларының негізінде тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудан тұрады. Дегенмен, аталмыш жұмыстарда негізінен теориялық көзқарастар басымдық танытып кетуі орын алатындықтан, практикалық нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибелік-эксперимент жұмыстары жүргізілуі қажет. Эксперимент жұмыстары – ғылым мен практиканы байланыстыратын құралдардың негізгісінің бірі, білім беру үрдісіндегі тиімді технологияларды ойлап табу және зерттеудің, орларды тексеру мен нәтижелілігін анықтауды жетілдірудің құралы және ғылыми теорияның негізгі крийтериі болып табылады (Әлімов, 2013). Оның дәлелдеуінсіз ешқандай да теорияның ұзақ өмір сүре алмайтындығы анық. Белгіленген жоспарға сәйкес тәжірибелік эксперимент жұмыстары анықтаушы, қалыптастырушы және қорытындыдан тұратын үш кезеңде өткізілгені дұрыс. Көздеген мақсатымызға толықтай қол жеткізу үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардан алынған нәтижелер ұлы жазушының әңгімелерін оқу үрдісінде кеңінен қолданылуға жол ашуымен қатар, оның әдістемелік жүйесін де айқындайды.

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру оқу мен оқырман аудиториясының эволюциясын қалыптастыруда өте маңызды. Оқу процесі объективті дүниені пассив түрінде қабылдамау үшін өткен шақ пен осы шақтың арасындағы әрдайым өзгеріп тұратын диалог болады, өйткені осы шақ оқырмандарды оқыған шығармасына қатысты түрлі сұрақтарды қоюға итермелейді. Нәтижесінде шығарманы оқуға деген оқырмандардың қызығушылықтары артып, жаңаша көзқарастары туып әдеби оқиғаға қатысты диалог қалптасады. Бұл кез келген әдеби шығарманың өміршең болуының басты факторына айнала алады. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Кетлин Маккормик өзінің «Әдеби мәтіндерді қабылдау және туындыларды теориялық тұрғыдан талдау, зерттеу мен оқыту» атты мақаласында: «Әдеби оқиға әрекет етуін тек одан кейінгі біреудің келіп үн қатқан кезінде немесе қайталап үн қатқан шағында жалғастырады. Яғни бұрынғы шығармалар мен авторларды лайықты түрде қайтадан басып озғысы, оларға еліктегісі немесеоларды жоққа шығарғысы келетін оқымандар табылған сайын әдеби оқиға да өміршең бола түседі» (Карбозов және т.б., 76:3) – деп тұжырымдаған. Біз де ғалымның осы пікірін қуаттай отырып, классик жазушы М. Әуезовтің әңгімелеріне арқау болған негізгі оқиғалар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту үшін оның әдістемелік негіздері мен жүйесін әзірлеп алғанымыз тиімді болады деген ойдамыз.

Жоғарыда айтылған М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік негіздері туралы ойымызды қорытып, жүйелей келіп оларды төмендегі сызбамен де ұсынуды жөн көрдік.

Сурет 1 – М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесі




**ӘДЕБИЕТТЕР**

Абдимомынов Е.Б. (2018) Білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың ерекшеліктері. Innovation and global issues iv congress book test copy. 20.12.2018. November 22-24, Antalya. Turkey. Congress Book. page 752-759

Абдимомынов Е.Б., Абдыкадырова Т.Р., Сманов Б.У., Сарсембаева М.К., Шормакова С.И. (2019). Problems of Humanism in M.Auezov's Stories. Jour of Adv Research in Dynamical & Control Systems. - 2019. - Vol. 11, No. 5 – P. 401 - 408

Әбдіғұлов Р. (2009). Әуезовтнаудың кейбір мәселелері. – Алматы: Олжа, 2009. – 172 б.

Әлімов А.Қ. (2013). Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы: 2013. – 448 б.

Әдебиет теориясы: Антология. 1 том. Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. 2019. – 568 б.

*Beibitnur, Z. Gulnaz, K. Gulnat, A.*, *Bakytzhan K.*, *Gulnafiz, (2015). A. Journal of Language and Literature.* Volume 6., Issue 4. 1 November 2015. Pages 525-531

*Мұхтар Әуезов энциклопедиясы*. Бас редакторы С. Қасқабасов; ред. алқасы: Б.Қ. Майтанов Ақбай Н.Е., Әбдіғұлов Р., Балтабаева Г.С. т.б. (2011). – Алматы: «Атамұра» баспасы, - 686 б

Қирабаев С. (2011). Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.

Қоңыратбаев Ә.Қ. (2004). Көптомдық шығармалар жинағы. 5 Т. – Алматы: Мер Сал, 2004. - 510 б.

Карбозов Е.К., Шегебаев А.М., Қырғызбаева А.Д. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі сакральдылық ұғым-түсініктердің көркемдік қызметі // Алматы: М.Әуезов атынындағы әдебиет және өнер институты. Керуен, 76 том, №3. 216-231 бб.

Крашнева О.Е. (2014). Философия образования: социально - философский анализ предметной области: атореф. ... к.ф.н.: 09.00.11. – Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану. 2-кітап. – Алматы: Елтаным, 2014. – 224 б.

Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Жетек. Ә.Н.Нысанбаев. 10 томдық: Гуманистік психология. 5 Т. – Алматы: Таймас, 2005. – 480 б.

Ростов-на-Дону. 2005. – 28 с.

Сманов Б. (2016). Көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: Ұлағат, 2016. – 366 б.

Caffee N. (2018). How Tatiana's voice rang across the steppe: Russian literature in the life and legend of Abai. *Journal of Eurasian Studies*. – 2018. -Vol. 9, Issue 1. – P. 12-19

Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-1990-ыншы жылдар). 10.001.02. фил.ғыл.кан. алу үшін дайын. диссертация. – Алматы, 1999. – 113 б.

Stories. *Jour of Adv Research in Dynamical & Control Systems*, ISSN 1943-023X 401. Vol. 11, No. 5, 2019. – Page 401- 408.

Тасболатұлы Қ. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдіснамалық негізі. – Тараз: ТарМУ, 199. – 186 б.

Тұрғынбаева Б. Ғылыми зерттеуің әдіснамасы мен әдістері. – Алматы: Сенім, 2012.–156 б.

Таймас, 2005. – 480 б.

Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. (2017) – Алматы: ОНОН, 2017. – 340 б.

Тұрғынбаева Б.А. (2012). Ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістері. – Алматы:, Сенім, 2012. – 156 б.

**REFERENCES**

Abdigulov R. Some issues of Auezov studies [in Kazakh]. – Almaty: Olzha, 2009. – 172 p.

Y.B. Abdimomynov, T.R. Abdikadyrova, B.U. Smanov, M.K. Sarsembaeva, S.M. Shormakova. Problems of Humanism in M.Auezov's Stories. Jour of Adv Research in Dynamical & Control Systems. - 2019. - Vol. 11. No. 5 P. 401- 408.

Abdimomynov Y.B. Features of teaching M. Auezov's stories on the basis of modern educational paradigms. Innovation and global issues iv congress book test copy. 20.12.2018. November 22-24, 2018 Antalya. Turkey. Congress Book. page 752-759.

Alimov A.K. Issueson application of interactive methods in higher education institutions [in Kazakh]. – Almaty: 2013. – 448 p. ONON. 2017. – 340 p.

Beibitnur Z., Gulnaz K., Gulnat A., Bakytzhan K., Gulnafiz A. Journal of Language and Literature. - 2015. Vol. 6. Issue 4. Pp. 525-531

Baltabayeva G.S. Modern Kazakh short story (1980-1990) [in Kazakh]. 10.001.02. thesis for candidate of philology degree. – Almaty. 1999. – 113 p.

Caffee N. How Tatiana's voice rang across the steppe: Russian literature in the life and legend of Abai. Journal of Eurasian Studies. – 2018. Vol. 9. Issue 1. – Pp. 12-19

KirabayevS. Independence of nation and literature [in Kazakh]. – Almaty: Gylym, 2001. – 448 p.

Krashneva O.E. Philosophy of education: socio-philosophical analysis of the subject area [in Russian]: thesis abstract, … candidate of philology: 09.00.11. – Rostov-on-Don. 2005. – 28 p.

Konyratbayev A.K. Multi-volume collection of works [in Kazakh]. Vol.5 –Almaty: MerSal, 2004. - 510 p.

Karbozov Y.K., Shegebayev A.M., Kyrgyzbayeva A.D. He artistic function of the concepts of sacredness in modern kazakh stories. - Almaty: Institute of Literature and Art named after M. Auezov // Caravan, volume 76. Number 3. Pp. 216-231.

Mukhtar Auezov's encyclopedia [in Kazakh]. Chief editor is S.Kaskabasov; editor's board: B.K. Maitanov, N.E. Akbai, R. Abdigulov, et al. – Almaty: Atamura, 2011. - 686 p.

Prali G.Zh. Contemporary Mukhtar studies [in Kazakh]. 2-book. – Almaty: Yeltanym, 2014. – 224 p.

Psychology. Treasure of humanity's thoughts [in Kazakh]. Research manager is A.N. Nysanbayev. 10 volumes: Humanistic psychology. 5 Vol. – Almaty: Taimas, 2005. – 480 p.

Smanov B. Foundations of analyzing a literary work [in Kazakh]. – Almaty: Ulagat, 2016. – 366 p.

Turgynbaeva B. A. Methodology and methods of scientific research. – Almaty, 2012. – 156 p.

Theory of Literature: Anthology [in Kazakh]. 1 Vol. Edited by Julie Rivkin and Michael Ryan. – Almaty: National Translation Agency, 2019. – 568 p.

Taubayeva Sh.T., Imanbayeva S.T., Berikkhanova A.E.Pedagogy [in Kazakh]. – Almaty: ONON, 2017. – 340 p.

Tasbolatuly K. Methodological foundations of teaching Kazakh literature [in Kazakh]. –Taraz: TarSU, 1999. – 186 p.

Turgynbayeva B. Methodology and methods of scientific research [in Kazakh]. –Almaty: Senim, 2012. – 156 p.

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Заместитель директор отдела издания научных журналов НАН РК *Р. Жәлиқызы*

Редакторы: *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 28.02.2023.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.

---

*Национальная академия наук РК*

*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*